



«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРИ

Жалпы ережелер

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕ АҚ оқуға қабылдау ережесі (бұдан әрі Қабылдау ережесі) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының қызметі мен құзыреті» 43-1-бабы 2) тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетіне (бұдан әрі Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғаларды қабылдау республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-ға қабылдау Ережелеріне өзгерістер енгізу мониторинг және білім алушылар контингентін қалыптастыруды талдау нәтижелері бойынша және (немесе) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне (бұдан әрі-НҚА) өзгерістер енгізілген жағдайда жүзеге асырылады.

1 Нормативтік құжаттар

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
2. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы;
3. Жоғары білім алу ақысын төлеу үшін білім беру грантын беру Ережелерін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 7 ақпандығы № 39 қаулысы;
4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік ережелерін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2018 жылды 31 қазанда №17650 болып тіркелді;
5. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бүйрүғына 1-қосымша;
6. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бүйрүғына 2-қосымша

Тиісті үлгідегі білім беру үйымдары қызметінің Үлгілік ережелерін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бүйрүғы.

2. Қабылдау тәртібі

Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

Басқарма төрағасы – Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің өкілдері және профессорлық-окытушылар құрамы кіреді. Қабылдау комиссиясы тақ санның тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылдау комиссиясының төрағасы сайланады. Басқарма төрағасы – Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға қабылдау комиссиясының жауапты хатшысын тағайындауды.

Қабылдау комиссиясының жұмыс кезеңі күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 28 тамызына дейін.

Қабылдау науқаны басталғанға дейін үш күн бұрын Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы техникалық хатшылардың функцияларын ежей-тегжелі түсіндіре отырып, нұсқама өткізеді.

2.1 БАКАЛАВРИАТ

2.1.1 Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-ға түсетін адамдарды қабылдау республикалық бюджет және (немесе) жергілікті бюджет қаражаты және (немесе) нысаналы трансфертер шеңберінде республикалық бюджеттен түскен қаражат есебінен білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға акы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

2.1.2 Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша түсетін өтініштерді қабылдауды Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ қабылдау комиссиясы ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырады. Өтініштерді қабылдау мерзімі күнтізбелік жылдың 13-20 шілдесі.

2.2.3 Республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурс күнтізбелік жылдың 21 шілдесінен бастап 10 тамызға дейінгі кезеңінде өткізіледі.

2.2.4 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурс күнтізбелік жылдың 05-10 тамызы аралығында өткізіледі.

2.2 БАКАЛАВРИАТ. Қысқартылған оқу мерзімімен құндізгі бөлім

2.2.1 Жоғары білімді кадрлар даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға түсушілерді қоспағанда, ҰБТ нәтижелері бойынша кемінде 50 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы - оқу тілі бойынша кемінде 5 балл және әрбір бейіндік пән бойынша кемінде 5 балл жинаған кезде Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-ға оқуға түсү құқықтары бар.

Ұқсас даярлық бағыттары бойынша оқуға түсетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері ҰБТ нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде жалпы бейіндік пән бойынша кемінде 5 балл және бейіндік пән бойынша кемінде 5 балл жинаған кезде Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-ға ақылы оқуға түсуге құқылы.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға түсетін орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері ҰБТ нәтижелері бойынша кемінде 50 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы - оқу тілі бойынша кемінде 5 балл және әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 10 балл жинаған кезде Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-ға ақылы оқуға түсуге құқылы.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімді кадрлар даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары түлектерінің ҰБТ және шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде шығармашылық емтихан бойынша кемінде 10 балл және

бейіндік пән бойынша кемінде 5 балл жинаған кезде ақылы окуга Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-ға окуға түсуге құқығы бар.

2.2.2 Жоғары білімді кадрлар даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша окуға түсушілерді қоспағанда, ҰБТ нәтижелері бойынша шекті балл жинай алмаған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері бірінші курс аяқталғанға дейін құндізгі оку нысаны бойынша ақылы негізде Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-ға қабылдана алады.

2.2.3 Ақылы негізде окуға түсетін жоғары білімді кадрлар даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігімен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдарды қабылдауды Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ қабылдау комиссиялары жазбаша емтихан немесе әңгімелесу нысанында жүзеге асырады.

Жоғары білімі бар, ақылы негізде окуға түсетін тұлғаларды қабылдауды әңгімелесу нысанында қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

2.2.4 Ақылы негізде окуға түсетін шетелдік азаматтарды қабылдау күнтізбелік жыл ішінде Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ қабылдау комиссиялары өткіzetін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

2.2.5. Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген, ақылы негізде «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ окуға түсетін азаматтарды қабылдау «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткіzetін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады (осы тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 шілдедегі шешімімен толықтырылды).

2.2.6. Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткіzetін әңгімелесу нәтижелері бойынша қысқартылған оку мерзімдерін көздейтін Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде окуға қабылданады» (осы тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 шілдедегі шешімімен толықтырылды).

2.3 МАГИСТРАТУРА

2.3.1 Магистранттарды Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-ға қабылдау ғылыми-педагогикалық және (немесе) бейінді бағыттар бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен окуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

2.3.2 Магистратурага түсушілердің өтініштерін қабылдауды Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ қабылдау комиссиясы ақпараттық жүйе арқылы жүргізеді. Өтініштерді қабылдау мерзімі күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 5 шілдесіне дейін және 25 қазанынан 10 қарашасына дейін.

2.3.3 Магистратурага кешенді тестілеу күнтізбелік жылдың 20.07-10.08 және 18 қарашадан бастап 11 желтоқсанға дейінгі аралықта компьютерлік форматта U-STUDY тестілеу орталығында өткізіледі.

2.3.4 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен магистратураның білім беру грантын беру конкурсы күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін өткізіледі.

2.3.5. Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-да магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша окуға шетелдік азаматтарды ақылы негізде қабылдау Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың қабылдау комиссиялары өткіzetін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады.

2.3.6. Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде ақылы негізде бейінді магистратурага мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау күнтізбелік жыл ішінде Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ қабылдау комиссиялары өткіzetін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсі емтихандарының жүзеге асырылады (бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 шілдедегі шешімімен толықтырылды).

2.4 ДОКТОРАНТУРА

2.4.1 Докторанттарды Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-ға қабылдау ғылыми-педагогикалық және (немесе) бейінді бағыттар бойынша кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен окуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

2.4.2 Докторантуралық түсушілердің өтініштерін қабылдауды Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ қабылдау комиссиясы жүргізеді және құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды Ұлттық тестілеу орталығының (бұдан әрі – ҰТО) ақпараттық жүйесінде тіркеуді жүзеге асырады. Өтініштерді қабылдау мерзімі құнтізбелік жылдың 3 шілдесінен 03 тамызына дейін және 25 қазаннан бастап 10 қараашаға дейін.

2.4.3 Докторантуралық түсушілердің өтініштерін қабылдауды Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ қабылдау комиссиясы жүргізеді және 19 тамыздан бастап 11 желтоқсан аралығында өтеді.

2.4.4. Талапкермен әңгімелесуді құнтізбелік жылдың 4-15 тамыз аралығында Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ емтихан комиссиясы жүргізеді.

3 Окуға тусу емтихандарын өткізу тәртібі

3.1 БАКАЛАВРИАТ

3.1.1 Шығармашылық емтихандарды үйімдастыру және өткізу үшін Басқарма тәрағасы – Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ Ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен құнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 15 шілдесі аралығында (шығармашылық емтихандарды өткізу кезеңіне) емтихан комиссиялары құрылады.

Комиссия құрамы Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ профессорлық-оқытушылар құрамынан құрылады.

3.1.2 Шығармашылық емтихандар білім беру бағдарламалары топтарының Тізбесіне сәйкес (1-қосымша) білім беру бағдарламаларының топтары бойынша өткізіледі.

3.1.3 Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламаларын құнтізбелік жылдың 20 маусымына дейін Басқарма тәрағасы – Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ректоры әзірлейді және бекітеді.

3.1.4 Шығармашылық емтиханды тапсыру үшін өтініштерді қабылдау құнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 07 шілдесі аралығында Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-да жүзеге асырылады.

3.1.5 Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізу уақыты, консультациялар) Басқарма тәрағасы – Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ректоры бекітеді және окуға тусушілердің назарына құнтізбелік жылдың 20 маусымына дейін (құжаттарды қабылдау мерзімінен кешіктірмей) жеткізіледі.

3.1.6 Шығармашылық емтихан құнтізбелік жылдың 08-15 шілдесі аралығында өткізіледі.

Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомостімен, комиссия хаттамасымен еркін нысанда ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына емтихан комиссиясының тәрағасы мен қатысып отырған барлық мүшелері қол қояды.

3.1.7 Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша окуға тусушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-ға немесе басқа ЖОО-ға ақылы негізде тусу үшін ведомостен көшірме беріледі.

3.2 БАКАЛАВРИАТ. Қысқартылған окуға мерзімімен құндізгі белім

3.2.1 Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Жоғары білімді кадрлар даярлайтын ұқсас бағыттар бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

3.2.2 Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен

кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін Қазақстанның тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

3.2.3 Жоғары білімді кадрлар даярлайтын ұқсас бағыттар бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін адамдар үшін арнайы пән бойынша балдар ескеріледі.

3.2.4 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

3.2.5 Жоғары білімді кадрлар даярлайтын ұқсас бағыттар бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

3.2.6 Жоғары білімді кадрлар даярлайтын ұқсас бағыттар бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігімен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар үшін және жоғары білімі бар, ақылы негізде түсетін тұлғалар үшін оқуға түсу емтихандарын ұйымдастыру және өткізу үшін Басқарма Төрағасы – Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен күнтізбелік жылдың 01-20 тамызы аралығында (оқуға түсу емтихандарын өткізу кезеңіне емтихан комиссиялары құрылады).

3.2.7 Оқуға түсу емтихандары Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау жіктегішіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша өткізіледі.

3.2.8 Оқуға түсу емтихандарын өткізу бағдарламалары ҰБТ пәндеріне сәйкес білім беру бағдарламаларының тиісті топтары бойынша әзірленеді және Басқарма Төрағасы – Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ Ректоры күнтізбелік жылдың 01 шілдесіне дейін бекітеді.

3.2.9 Оқуға түсу емтиханын тапсыру үшін түскең өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 20 тамызына дейін жүзеге асырылады.

3.2.10 Оқуға түсу емтихандарының кестесін (емтихан өткізілетін күні, уақыты және орны) Басқарма Төрағасы – Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ректоры бекітеді және оқуға түсушілердің назарына күнтізбелік жылдың 30 шілдесіне дейін (оқуға түсу емтихандарын өткізу басталғанға дейін) жеткізіледі.

3.2.11 Оқуға түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 01-20 тамызы аралығында өткізіледі.

Оқуға түсу емтиханын өткізу қорытындылары бағалау ведомостімен және комиссия хаттамасымен еркін нысанда ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін жіберіледі. Комиссия хаттамасына емтихан комиссиясының төрағасы және қатысқан барлық мүшелері қол қояды.

3.3 МАГИСТРАТУРА

3.3.1 Магистратурага жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын менгерген тұлғалар қабылданады. Магистратурага түсуші тұлғалар шет тілі бойынша тесттен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтау тестінен тұратын білім беру бағдарламаларының топтары бойынша кешенді тестілеу тапсырады.

3.3.2 Магистратурага түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) дейін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын көрсетеді.

3.3.3 Кешенді тестілеу күнтізбелік жылдың 20 шілдесі мен 10 тамызы аралығында өткізіледі. Кешенді тестілеу нәтижелері бойынша сертификат беріледі. Кешенді тестілеуді тапсырған жылы оны қайта тапсыруға жол берілмейді.

3.3.4 Магистратурага түсуші тұлғалар шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін раставтын халықаралық сертификат болған кезде, 3-5-қосымшаларға сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес келесі тілдер бойынша шет тілі блогынан өз қалауы бойынша босатылады:

- ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic);

- TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test);

- неміс тілі: DSH (Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang), TestDaF-Prufung;

- француз тілі: TFI (Test de Franzais International™), DELF (Diplome d'Etudes en Langue franzaise), DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise), TCF (Test de connaissance du franzais).

3.4 ДОКТОРАНТУРА

3.4. 1 Докторантурасы «магистр» дәрежесі және кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс өтілі бар тұлғалар қабылданады.

3.4.2 Докторантурасы түсушілер шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгеруді растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

- ағылшын тілі: test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program - Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюнал Тестинг программ (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ) – кемінде 460 балл), test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз А Форин Лангудж Инститьюнал Тестинг ПРОГРАММ Internet-Based Test (Интернет Бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – кем дегенде 87), (TOEFL (ТОЙФЛ) шекті балл – кемінде 560 балл), International English Language Tests System (Интернашинал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС), шекті балл - кемінде 6.0);

- неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче щпрахпрюфун фюр дейн хохшулщуган) (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Prufung (TestDaF-prufun) (Niveau C1/C1 деңгейі);

- француз тілі: test de Franzais International™ -тест де Франс Интернасиональ (TFI (TFI) – оку және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), Diplome d' Etudes en langue franzaise - Диплом дэтюд ан Ланг франсэз (DELF (DALF), B2 деңгей), Diplome Approfondi de Langue franzaise - диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз (diplome Approfondi de langue franzaise DALF (DALF), C1 деңгей), Test de connaissance du FRANZAIS - тест де коннэссанс дю Франс (TCF (ТСФ) – кемінде 400 балл).

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ қабылдау комиссиясы тексереді.

3.4.3 Докторантурасы түсү емтихандарын ұйымдастыру және өткізу күнтізбелік жылдың 04-20 тамызы аралығында жүргізіледі

Емтихан комиссияларының құрамы олардың тәрағаларын көрсете отырып, Басқарма Тәрағасы-Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ректорының бүйрығымен бекітіледі және білім беру саласындағы үәкілетті органға жіберіледі.

Басқарма Тәрағасы – Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен эссе мен емтихан сұрақтарына жауаптарды тексеру үшін емтихан комиссиялары және білім беру бағдарламаларының топтары бойынша апелляциялық комиссиялар құрылады. Кадрларды даярлаудың үқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

3.4.4 Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейін бойынша ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың профессорлық-оқытушылар құрамы қатарынан құрылады. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ емтихан комиссиялары оқуға түсушінің жеке коды бойынша жұмыстарды тексереді және нәтижелерді одан әрі жариялау үшін ақпараттық жүйе арқылы қарау нәтижелерін ҰТО-ға жібереді.

3.4.5 Оқуға түсү емтихандарын өткізу бағдарламалары білім беру бағдарламаларының тиісті топтары бойынша әзірленеді және Басқарма Тәрағасы – Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ректоры күнтізбелік жылдың 16 маусымына дейін бекітеді, содан кейін Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ сайтына орналастырады.

3.4.6 Оқуға түсү емтихандарының кестесін (емтихан өткізілетін күні, уақыты және орны) үміткерлер онлайн тіркелу кезінде өздері таңдайды.

3.4.7 Тұсу емтиханын өткізу қорытындылары емтихан өткізілетін күні бағалар ведомостімен ресімделеді және ҰТО-ға беріледі.

4 Қабылдау тәртібі

4.1 БАКАЛАВРИАТ

4.1.1 Студенттерді Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-ға қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 10 тамызы мен 25 тамызы аралығында Басқарма Төрағасы – Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ Ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бүйрығымен жүргізеді.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру гранты иегерлерін қабылдау, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оку ақысын төлеу білім беру бағдарламаларының тиісті топтаратының білім беру бағдарламаларына қабылдау Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне және өнір экономикасы салаларының даму ерекшелігіне сәйкес Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ қабылдау комиссиялары университетке тұсу үшін қосымша емтихан өткізеді.

4.1.2 ЖОО-ға қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары және тілдік бөлімдер бойынша белек жүргізіледі.

Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау осы емтихандар бойынша балдарды ескере отырып жүргізіледі.

4.1.3 Мемлекеттік грант негізінде окуға түсетін Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасасады.

4.1.4. Шетелдік азаматтарды, сондай-ақ мерзімді әскери қызмет өткөрген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады (осы тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 шілдедегі шешімімен толықтырылды).

4.2 МАГИСТРАТУРА

4.2.1 Магистратураға ақылы негізде тұлғаларды қабылдау КТ қорытындылары бойынша 2-қосымшаға сәйкес қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратураға КТ үшін бағалаудың 150 балдың жүйесінің шкаласына сәйкес жүзеге асырылады: кемінде 50 балл, бұл ретте шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дүрыс жауапты таңдаумен – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дүрыс жауапты таңдаумен – кемінде 7 балл, окуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл.

4.2.2 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша окуға 2-қосымшаға сәйкес ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратура үшін КТ бойынша ең жоғары балл – кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

Шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттары бар адамдарға 50 балл есептеледі.

4.2.3 Магистранттарды Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-ға қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін және Басқарма төрағасының-Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бүйрығымен күнтізбелік жылдан кейінгі 10 қаңтарға дейін жүргізеді.

Шетел азаматтарын, сондай-ақ мерзімді әскери қызмет өткөрген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады (осы тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 шілдедегі шешімімен толықтырылды).

4.3 ДОКТОРАНТУРА

4.3.1 Тұлғаларды докторантурасы қабылдау шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификат негізінде және докторантурасын білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша оқуға түсі емтиханының қорытындысы бойынша ықтимал 100 балдан кемінде 50 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

4.3.2 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсстық негізде докторантурасы оқуға түсі емтиханы бойынша кемінде 75 балл жинаған тұлғалар қабылданады.

4.3.3 Докторанттарды Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-га қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы құнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін және басқарма төрағасының Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ректорының немесе оның міндетін атқарушы адамның бүйрығымен құнтізбелік жылдан кейінгі 10 қаңтарға дейін жүргізеді.

5 Қорытынды ережелер

5.1. Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-га қабылдау Ережелерінің іске асырылуын бақылауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы жүзеге асырады.

5.2. Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-га қабылдаудың осы Ережелері жұмыста міндетті түрде пайдалану үшін Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың барлық құрылымдық бөлімшелері басшыларының назарына жеткізіледі.

**Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары
топтарының тізбесі**

ББ тобының номері	ББ тобының атауы	Шығармашылық емтихан 1*	Шығармашылық емтихан 2
B073	Сәulet	Сурет	Сызу

*** қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлайтын ұқсас бағыттар бойынша**

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеуге арналған 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма түрі	Тапсыру тілі	Тесттер саны	Балдары
Шет тілі бойынша тест	Тыңдау Лексика-грамматикалық тест Оқу	Ағылшын / Неміс / Француз	50	50
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	бір дұрыс жауапты таңдау арқылы	Қазақ / Орыс	30	30
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	бір дұрыс жауапты таңдау арқылы	Қазақ / Орыс	30	30
	бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау арқылы	Қазақ / Орыс	20	40
Барлығы			130	150

Шет тілін менгерудің жалпыевропалық құзыреттеріне (стан-дарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификат балдарын қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратурага КТ шет тілі сынагы бойынша балдарға аудару шкаласы

Тест түрі	Балдары	Шет тілі бойынша балдар
IELTS	кемінде 6	25
	кемінде 6,5	30
	кемінде 7	40
	кемінде 7,5	45
	кемінде 8	50
TOEFL IBT	кемінде 78	25
	кемінде 93	30
	кемінде 101	40
	кемінде 109	45
	кемінде 114	50
DSH, TestDaF-Prufung	не менее уровня B2	25
	Niveau C1/уровень C1	35
	Niveau C2/уровень C2	50
TFI, DELF, DALF, TCF	B2 деңгейінен кем емес	25
	C1 деңгейінен кем емес	35
	C 2 деңгейінен кем емес	50

Бұл қосымша Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 шілдедегі шешімімен толықтырылды.

Халықаралық сертификат стандартталған GRE тестінің балдарын қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратурага КТ балдарына ауыстыру шкаласы

Халықаралық стандартталған GRE тесті			Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	«Педагогикалық ғылымдар білім беру салалары, «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар» кадрларын даярлау бағыттары үшін балдар	«Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, жұмыс істейтін және құрылыш салалары» білім беру салалары, «Бизнес және басқару» кадрларды даярлау бағыттары үшін балдар	Тест түрі	Балдар
Quantitative Reasoning	кемінде 155 балл	кемінде 160 балл	Оқуга дайындықты анықтауга арналған Тест	10
Analytical Writing	кемінде 3 балл	кемінде 3 балл		
Quantitative Reasoning	кемінде 160 балл	кемінде 165 балл	Оқуга дайындықты анықтауга арналған Тест	20
Analytical Writing	кемінде 4 балл	кемінде 4 балл		
Quantitative Reasoning	кемінде 165 балл	кемінде 170 балл	Оқуга дайындықты анықтауга арналған Тест	30
Analytical Writing	кемінде 5 балл	кемінде 5 балл		
Verbal Reasoning	кемінде 145 балл	кемінде 145 балл	Шет тілі бойынша тест	25
Verbal Reasoning	кемінде 155 балл	кемінде 155 балл	Шет тілі бойынша тест	40
Verbal Reasoning	кемінде 165 балл	кемінде 165 балл	Шет тілі бойынша тест	50

Бұл қосымша Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 шілдедегі шешімімен толықтырылды.

4-қосымша

GRE стандартталған тестінің халықаралық сертификатының балдарын қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде оқытатын бейінді магистратураға КТ балдарына аудиостыру шкаласы

Халықаралық стандартталған GRE тесті			Кешенді тестілеу	
<i>Тест секциялары</i>	«Педагогикалық ғылымдар білім беру салалары, «Гуманитарлық ғылымдар», «Элеуметтік ғылымдар» кадрларын даярлау бағыттары үшін балдар	«Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Інженерлік, жұмыс істейтін және құрылым салалары» білім беру салалары, «Бизнес және басқару» кадрлар даярлау бағыттары үшін балдар	<i>Тест түрі</i>	<i>Балдар</i>
<i>Quantitative Reasoning</i>	кемінде 155 балл	кемінде 160 балл	<i>Оқуға дайындықты анықтауга арналған тест</i>	10
<i>Analytical Writing</i>	кемінде 3 балл	кемінде 3 балл		
<i>Quantitative Reasoning</i>	кемінде 160 балл	кемінде 165 балл	<i>Оқуға дайындықты анықтауга арналған тест</i>	20
<i>Analytical Writing</i>	кемінде 4 балл	кемінде 4 балл		
<i>Quantitative Reasoning</i>	кемінде 165 балл	кемінде 170 балл	<i>Оқуға дайындықты анықтауга арналған тест</i>	30

Бұл қосымша Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 шілдедегі шешімімен толықтырылды.

5-қосымша

GMAT стандартталған тестінің халықаралық сертификатының балдарын қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратураға КТ балдарына ауыстыру шкаласы

Халықаралық стандартталған GMAT тесті		Кешенді тестілеу	
<i>Тест секциялары</i>	«Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағытына арналған балдар	<i>Тест түрі</i>	<i>Балдар</i>
<i>Quantitative Reasoning</i>	кемінде 40 балл	<i>Оқытууга дайындықты анықтауга арналған тест</i>	15
<i>Integrated Reasoning</i>	кемінде 4 балл	<i>Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест</i>	30
<i>Verbal Reasoning</i>	кемінде 20 балл	<i>Шет тілі бойынша тест</i>	25
<i>Analytical Writing</i>	кемінде 3 балл		
<i>Quantitative Reasoning</i>	кемінде 50 балл	<i>Оқытууга дайындықты анықтауга арналған тест</i>	20
<i>Integrated Reasoning</i>	кемінде 6 балл	<i>Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест</i>	50
<i>Verbal Reasoning</i>	кемінде 40 балл	<i>Шет тілі бойынша тест</i>	35
<i>Analytical Writing</i>	кемінде 4 балл		
<i>Quantitative Reasoning</i>	кемінде 60 балл	<i>Оқытууга дайындықты анықтауга арналған тест</i>	30
<i>Integrated Reasoning</i>	кемінде 8 балл	<i>Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест</i>	70
<i>Verbal Reasoning</i>	кемінде 60 балл	<i>Шет тілі бойынша тест</i>	50
<i>Analytical Writing</i>	кемінде 5 балл		

Бұл қосымша Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 шілдедегі шешімімен толықтырылды

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАФЫ

1. № 1 өзгерістер:

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2022 жылғы 27 сәуірдегі № 3 хаттама).

2. № 2 толықтырулар:

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2023 жылғы 31 шілдедегі № 3 хаттама).